

Мектептегі мерекелер

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

Ж. Исаева. Мен – өз елімнің патриотымын	3
Г. Сәрсенбекова. Сыңғырла, алғашқы қоңырау!.....	5
М. Аяшова. Өз құқығыңды білгенің – дұрыс өмір сүргенің	7
У. Арыстанбекова. Lesson Study – зерттеу сабағының қажеттілігі.....	10
А. Салкинбекова. Ұлттық өнер және ұлттық тәрбие	11
Ж. Нурымгереева. Ақындар жырлаған туған өлке	15
А. Темирәлиева. Алдымен сүй, ардақта ата-анаңды!	18
К. Қаражанова. Кітап рухани байлық, жан азығы!	20
С. Тельбаева. Мен және менің отбасым.....	21
М. Байменденова. Жүзден жүйрік.....	23
А. Ақылбаева, Г. Габдолова. Жарқын болашаққа бірге аттанайық!.....	28
З. Момбекова. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар	30
К. Рахатова. Құшағы кең ұстазым.....	33
Ж. Нахипова. Ата-баба дәстүрі	34
А. Кеншінбаева. Ашық аспандағы кітапхана	37

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
20.08. 2024 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
эл-Фараби атындағы
№145 жалпы білім беретін
мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары,
Алматы қаласы.

**Қоңырбаева Сараш
Сахиқызы** – эл-Фараби
атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің аға
оқытушысы, педагогика
ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы.

**Атабекова Бақытгүл
Ботабекқызы** – PhD,
Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің аға
оқытушысы. Алматы қаласы.

**НАЗАР
АУДАРЫҢЫЗ!**

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөнінізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.



Мен – өз елімнің патриотымын

Жоспары:

1. Сапқа тұрғызу;
2. ҚР Мемлекеттік туын енгізу;
3. ҚР Әнұранын орындау;
4. Қонақтармен таныстыру;
5. Мектеп директорының құттықтауы;
6. Қонақтардың құттықтауы;
7. 1-сынып оқушыларының тақпақтары;
8. Алғашқы қоңырау салтанаты;
9. Ата-аналар атынан құттықтау сөз;
10. Мектеп оқушыларының тақпақтары;
11. ҚР Мемлекеттік туын шығару;
12. Қорытынды сөз;
13. Мектепке алғашқы қоңырау сыңғыры.

1-жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, қонақтар, қадірменді ата-аналар!

2-жүргізуші: Армысыздар ағайын, мектеп оқушылары мен балауса балдырғандар!

1-жүргізуші: Ал енді барлығымыз да сағынып күткен «Мен өз елімнің патриотымын» атты білім күніне арналған мерекелік шарамызды ашық деп жариялаймыз.

2-жүргізуші: Шуақты қыркүйек айының алғашқы күні барша оқушы қауым алтын ұя мектебіне қайта оралып, мектеп табалдырығын алғаш атаған балдырғандармен бірге сыңғырлаған қоңырау үнімен табысып отыр.

Құрметті ұстаздар, қонақтар, ата-аналар, аяулы оқушылар! Бүгінгі сағынышқа, шаттыққа толы «Мен өз елімнің патриотымын» атты мерекелеріңіз баршаларыңызға құтты болсын.



1-жүргізуші:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы ресми түрде енгізілсін.

(Туды енгізу рәсімі)

Барлығы Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранын орындайды.

2-жүргізуші:

Қонақ деген ырысың мен мерейің,
Енді аяндап қонақтарға келейін.
Салтанатты жиынға ортақ болған,
Қонақтарды таныстырып өтейін.

1-жүргізуші:

Біреулер енші ап өмірден,
Аттанбақ болса асып қыр.
Біреулер балғын көңілмен
Алғашқы қадам басып тұр.
Сондықтан да назарды,
Солар жаққа бұрайық.
Балдырғандарды базарлы
Қарсы алып, қол соғайық.

1-сынып бүлдіршіндерін қошеметпен қарсы алайық.

2-жүргізуші:

Жан шуағы, күн шуағы арай ма,
Ұстаз деген әулиедей талайға.

Басын иіп өткен жоқ па біз түгіл,
Әл-Фараби, Омар Хаям, Абай да.

1-жүргізуші: «Мен өз елімнің патриотымын» мерекесін салтанатты түрде ашу үшін алғашқы сөз кезегі мектеп директорына беріледі.

2-жүргізуші: Жаңа оқу жылына арналған салтанатты жиынның құттықтау сөзі мектебіміздің директорының оқу ісі және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына беріледі.

1-жүргізуші:

Арнап келер мерей той, мейрамдарда

Мәртебең де биік қой мейрамбарда.

Салтанатты жиынға кеп отырған,

Сөз берейік бүгінгі келген қонақтарға, - дей келе сыйлы қонағымызға сөз кезегін ұсынамыз.

2-жүргізуші: Ендеше, балғын балалықпен қоштасып, мектеп табалдырығын алғаш аттағалы отырған 1-сынып оқушылары мен алғашқы ұстаздарына қошеметпен қол соғып қояйық!

(1-сыныптың тақпақтары)

1-жүргізуші:

Қоңыраудың сыңғырлы үні,
Жүрегімнің соғысы.

Қоңыраудың сыңғыры,

Тағдырлардың тоғысы, — деп алғашқы қоңырау соғу салтанаты мектебіміздің 9-сынып оқушысы мен 1-сынып оқушысына беріледі.

2-жүргізуші:

Қандай ғажап, қарашы, жан-жағына,

Күміс күлкі сыймай тұр, арнасына.

Ата-анадай бақытты бар ма екен жан,

Қол жеткізген аңсаған арманына.

Жақсы шәкірт Азамат атанады,

Халқынан, ата-анадан бата алады.

Ұрпағына айтсын деп ақ тілегін,

Ортаға шақырайық ата-ананы.

(Ата-анаға сөз беріледі)

1-жүргізуші: Сіздердің құрметтеріңізге мектебіміздің оқушылары өз ақ тілектерін жолдайды.

1-оқушы:

Жаз қызығы телегей,

Мүмкін емес тауысу.

Сәті туды мінекей,

Мектебіммен қауышу.

2-оқушы:

Қайырлы күн, құт қадам,

Құтты болсын баршаңа.

Сәтті болсын аттаған,

Оқу жылы — бұл жаңа.

3-оқушы:

Қоңыраудың үнінде,

Бір құдірет бары анық.

Тұрмыз күтіп бүгінде,

Сол дауысты қуанып.

4-оқушы:

Сағынышпен табыстық,

Мектепке кеп міне, біз.

Болсын елде тыныштық,

Бейбіт күнді сүйеміз.

5-оқушы:

Жаз қызығын көп көрдім,

Демалысты өткердім.

Сағынышым көп менің,

Сәлем, алтын мектебім!

2-жүргізуші:

Өмір бойы мектебімді жыр етем,
Бір өзінде бақыт, бірлік, берекем.
Шәкірттерін өрістесін, өрлесін,

Құтты болсын білім күнің — мерекен,
- дей келе, мектебіміздің түлектерінің
1-сынып оқушыларына арналған шағын сый-сияпатын қабыл алыңыздар.

1-жүргізуші: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы тұғырына қондырылсын!

- Мектеп оқушылары, тік тұрындар!

Егеменді Қазақстанның Туына сап түзеңдер!

2-жүргізуші: Осымен «білім күніне»

арналған «Мен — өз елімнің патриотымын» мерекесі өзі мәресіне жетті. Салтанатты жиынымызды жабық деп жариялаймыз. Білім күні құтты болсын. Еліміз аман, беделі асқақ болсын!

1-жүргізуші: Жаңа оқу жылы баршаңызға құтты болсын! Ақ жол сіздерге, мектеп оқушылары!

Жұлдыз Ертаевна ИСАЕВА,
«Сарқан қаласының облыстық зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаты» КММ тәрбиешісі.
Сарқан қаласы,
Жетісу облысы.

Сыңғырла, алғашқы қоңырау!

Мақсаты: жана оқу жылымен құттықтау; оқушылардың сапқа тұру мәдениетін қалыптастыру; жас ұрпақты ұлтжандылыққа, елжандылыққа, адалдық пен мейірімділікке, имандылыққа, мектеп пен ұстаздарды құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: гүл, шар, жалау, билбордтар: «Сыңғырла, алғашқы қоңырау!», «Білім күні құтты болсын».

Жүргізуші:

Қыркүйектің бірі күні мектепке,
Асығамыз гүлге толы омырау.

Сағынамыз үш ай жазда кеткенде

Сыңғырынды ең алғашқы қоңырау.

- Қайырлы күн, құрметті ата-аналар, қадірлі қонақтар, ұстаздар және

оқушылар! Шуақты қыркүйек айының алғашқы күні барша оқушы қауым алтын ұя мектебіне қайта оралып, сыңғырлаған қоңырау үнімен табысып отыр. Білім әлеміндегі дәстүрлі мерекенің бастысы, асыға күтетін алғашқы қоңырау салтанатты жиынға қош келдіңіздер!

Жүргізуші: Мазмұнына өрнегі жарасқан, Тәуелсіздіктің қасиетті Туы мәңгі желбіресін дей отырып, салтанатты жиынымызға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын енгіземіз.

Әскери жетекші: Сап түзеңдер. Тік тұрындар! Егеменді Қазақстан туына карап сап түзеңдер! Қазақстан Респуб-

ликасының Мемлекеттік туы енгізілсін!

Әнұран орындалады.

Жүргізуші:

Үйретеді жалықтастан өнеге,
Отырғызып білім атты кемеге
Теңіздейін тереңінен батырып,
Мектебімізді көтереді төбеге.

Бүгінгі «Сыңғырла, алғашқы қоңырау!» атты салтанатты жиынымызды ашып беру үшін сөз мектеп директорына беріледі.

«Елім менің» әні орындалады.

Жүргізуші: 1-сынып оқушыларының әдеби-монтажын тамашалаңыздар.

Жүргізуші:

Өсиетін айтсын көпке киелі,
Сөзі алтын, адал оның жүрегі.
Қонақтарға сөз кезегін береміз,
Қабыл болсын жақсылардың тілегі!

Бүгінгі «Сыңғырла, алғашқы қоңырау!» атты салтанатты жиынымызға келіп отырған қадірменді қонақтарға сөз береміз.

Жүргізуші:

Мұғалім — ұстазысың балалардың,
Болашақ ғалымдардың, даналардың.

Өмірде сенің алар орыныңды,
Жүрегімнің төрінде бағаладым.
(Ардагер ұстаздар ортаға шығады)

Жүргізуші:

Балғын бала бойға білім жинасын,
Қолдарына алып бүгін Әліппе.
Өздеріңе білім нәрін сыйласын
Қызықтырып 42 әріпке.

Бүгінгі мектеп табалдырығын аттағалы тұрған бүлдіршіндерімізге **«Әліппе тапсыру»** рәсімі басталады.

Сүйікті шәкірт!

Қолдарыңа Әліппе алып, білім әле-

міне енулеріңмен шын жүректен құттықтаймыз. Білімге деген құштарлық барлық қиындықтардан мүдірмей өтулеріңе көмектеседі деген сенімдеміз. Таңғажайып «Білім» әлеміне қош келдіңдер!

Жүргізуші: Салтанатты сәтке мектептің үздіктері келіп отыр, 20 жылда жеткен жетістіктерімізді мақтан тұта отырып, 20 жақсы тілектеріне куә болайық.

Жүргізуші:

Ең алғашқы қоңырау,
Қалар мәңгі есінде.
Есейгенде өмірі,
Елендейсің осы үнге.
Қалғып-мүлгіп жатпайсың,
Түске дейін бұл күні.
Мәңгі есінде сақтайсың,
Сыңғырлаған күлкіні.
Ұстаздарға жолығып,
Сусындаймыз бұлақтан.
Қоңыраудың сол үні,
Қалар мәңгі құлақта.

Алғашқы қоңырау салтанатын соғу үшін оқушыларымызды ортаға шақырамыз.

Әскери жетекші:

Сап түзендер. Тік тұрындар! Егеменді Қазақстан туына қарап сап түзендер! Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы шығарылсын!

Жүргізуші:

Қағылды міне сыңғырлап нәзік,
Алғашқы күміс қоңырау.
Көңілді кернеп, мұңды әуен тербеп,
Гүлдерге толды омырау.
Талмасын қанат, сөнбесін үміт
Армандар алға жалғасын.
Соқса да дауыл, өрт болып өмір,
Қанаттар балғын талмасын.
Әсем сыңғырлаған қоңырау үнімен

1-сыныпқа қабылданған оқушыларымызды Мектеп ана қарсы алады. Мектебіміздің табалдырығын алғаш аттағалы тұрған бүлдіршіндеріміз «Алтын белгі» мен «Үздік аттестаттың» иегері бола берсін, - деген ізгі тілегіміз бар.

Қадамдарың құтты болсын бүлдіршіндер! Ақ жол, мектеп оқушылары!

Гүлбану Абытқызы
СӘРСЕНБЕКОВА,
№213 «Қыркенсе» орта мектебінің
тәлімгері.
Әбдіғаппар ауылы,
Жаңақорған ауданы,
Қызылорда облысы.

Өз құқығыңды білгенің – дұрыс өмір сүргенің

Мақсаты:

Білімділік: Оқушылардың құқықтық білімдерін тексере отырып, заң алдындағы жауапкершілікті арттыру, ұйымшылдық пен тәртіптіліктің тиімді жолын сын сәтте таба білу арқылы жеңіске жету, алдына мақсат қоя білуге баулу;

Тәрбиелік: Конституцияны, т.б. құқықтық нормативтік актілерді орындай, құрметтей білуге үйрету, адамгершілік, елжандылық, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу;

Дамытушылық: Оқушылардың ойлау, тыңдау, сөйлеу мәдениетін дамыту, қабілеттерін шыңдау.

Жүргізуші: Құрметті ұстаздар және оқушылар! Ата заңымыздың 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды. Оның басты қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деген қастерлі сөзді кіргізген. Бүгінгі құқықтық мемлекет құрамыз деген заманда

әрбір адам өз құқықтарын жете біліп, жалпы заң саласында мағлұмат алғаны дұрыс. Заңды аттамай, тура жолмен жүріп, еліне адал қызмет еткен азамат қана мұратына жетеді. Сондықтан да заңды білу – заман талабы. «Өз құқығыңды білгенің – дұрыс өмір сүргенің» айдарымен ұйымдастырылып отырған тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер!

Барысы.

Ұйымдастыру кезеңі.

а) оқушыларды екі топқа бөлу: 1-топ «Әділет», 2-топ «Ақиқат»

ә) әділқазылардың алқасын тағайындау.

б) сайыстың мақсаты мен мазмұнын таныстыру.

Негізгі бөлім

Сайыс жоспары

1. Таныстыру (топ аты, өмірлік ұстанымы)
2. Тікелей сұрақ (әр топқа 10 сұрақтан)
3. Ол не? Ол кім?
4. Ой талқы.

Тақырыптар:

а) Жастарды қылмысқа итермелейтін не?

б) Жастар арасында қылмысқа жол бермеу үшін не істеу керек?

5. Адасқан әріптерді орналастыр

6. «Өз құқықтарыңды біл» (бала құқықтары бойынша)

7. Ой жалғау кезеңі (сөздің жалғасын табу)

8. «Ой елегін өткіз» кезеңі

9. Білімді тиянақтау

10. Қорытынды (Әділқазылар алқасының қортындысы)

I бөлім. «Таныстыру». (Әр топ атын, ұстанымын таныстырып өтеді)

I топ «Әділет».

II бөлім. «Тікелей сұрақ». Әр топқа заң, құқық тақырыптарына қатысты 10 сұрақ қойылады. Әрбір дұрыс жауап бір ұпаймен белгіленеді.

«Әділет» тобының сұрақтары:

1. Конституция сөзінің аудармасы қалай? (Құрылым, өкілім)

2. ҚР-да мемлекет билігінің бірден-бір бастауы? (Халық)

3. Республика заңы қай кезде күшіне енді? (Президент қол қойғаннан бастап)

4. Егемендік алғаннан кейін ҚР-да конституция қанша рет қабылданды? (2 рет: 1993 ж. 28 қаңтар, 1995 ж. 30 тамыз)

5. Республикадағы жоғарғы заң шығарушы органды ата? (Парламент)

6. «Қасым ханның қасқа жолы» неше тараудан тұрады? (5)

7. ҚР өзін қандай мемлекет ретінде орнықтырды? (Демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік)

8. ҚР конституциясы неше бөлім-

нен, неше баптан тұрады? (9 бөлім, 98 бап)

9. Құқық дегеніміз не? (Мемлекет тарапынан заңдастырылған және қорғалатын, жалпыға бірдей міндетті нормалар жүйесі)

10. 16 желтоқсан қандай күн? (Тәуелсіздік күні)

«Ақиқат» тобының сұрақтары:

1. Еліміздің мемлекеттік тілі (Қазақ тілі)

2. ҚР «Балалар құқықтары туралы заң» қай жылы күшіне енді? (2002 ж. 8 тамыз)

3. ҚР-ның төл теңгесі қашан қолданысқа енді? (1993 ж. 15 қараша)

4. Дүниежүзіндегі тұңғыш конституция қай жылы пайда болды? (АҚШ-та 1787 жылы)

5. Адам құқығының жалпыға бірдей Декларациясы қашан қабылданды? (1948 ж. 10 желтоқсан)

6. ҚР-дағы «Бала құқықтары» туралы заң қанша тараудан тұрады? (9 бөлім, 98 бап)

7. ҚР-ның мемлекет нышандары туралы заң қай жылы қабылданды? (1992 ж. 4 маусым)

8. «Жеті жарғыны» қабылдаған қазақ ханы кім? (Тәуке хан)

9. Бала құқықтары туралы конвенция қашан қабылданды? (1989 ж. 20 қарашада БҰҰ-ның бас Ассамблеясы қабылдады)

10. ҚР-ның жаңа әнұраны қашан қабылданды? (2006 ж. 6 қаңтар)

III бөлім. Ол кім? Бұл не?

«Әділет» тобының сұрақтары:

1. Мемлекет туының авторы кім? (Ш. Ниязбеков)

2. Темекінің құрамындағы улы зат? (Никотин)

3. Тұңғыш президент кім? (Н. Назарбаев)

4. Жеті қазынаның бірі (Ит)

5. Мәңгілік өмірді аңсаған кім? (Қорқыт)

«Ақиқат» тобының сұрақтары

1. Көлік күтетін жер (Аялдама)

2. Ең бірінші бақытым — халқым менің,

Ал екінші бақытым — тілім менің,
Бақытым бар үшінші — Отан деген,
- деп жырлаған ақын (М. Мақатаев)

3. Өлеңмен жазылған шығарма (Поэма)

4. Мемлекеттік елтаңбаның авторы? (Ш. Уәлиханов, Ж. Мәлібеков)

5. Мемлекеттік бас құжат (Конституция)

IV бөлім. «Ой талқы».

Берілген сұраққа әр топ ой-тұжырымын білдіреді.

I топ: «Әділет» тобына:

Тақырып: Жастарды қылмысқа итермелейтін не?

II топ: «Ақиқат» тобына:

Тақырып: Жастар арасында қылмысқа жол бермеу үшін не істеу керек?

V бөлім. «Адасқан әріптерді орналас-тыр».

1. ЕКОНЮС — БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйым.

2. АТКРЕДИЯМО — халық еркі немесе билігі.

3. ЕНТЕЗПРИДЕ — мемлекет басшысы.

4. УАТРА — айырбас үшін арнайы өндірілетін өнім

5. АТТӨЛЖҰҚ — азаматтықты куәландыратын құжат.

6. РПАЕЛМАНТ — заң шығарушы орган

VI бөлім. «Өз құқығыңды біл».

ҚР-ның 2002 жылы 8 тамыздағы №345 Баланың құқықтары туралы заңындағы кейбір баптарға талдау.

VII бөлім. «Ой жалғау».

«Әділет» тобына:

1. Заңның құрығы ... (бәрінен ұзын)

2. Өш алғаннан гөрі ... (кешірген жөн)

3. Тура биде ... (туған жоқ)

4. Ақырын жүріп ... (анық бас)

5. Асыл тастан ... (өнер жастан)

«Ақиқат» тобы:

1. Ұрлық түбі ... (қорлық)

2. Жазасын тартпайтын ... (жамандық болмайды)

3. Әдепті бала ... (арлы бала),

Әдепсіз бала ... (сорлы бала)

4. Тәрбие ... (отбасынан басталады)

5. Әділ істің ... (арты игі)

VIII бөлім. «Ой елегінен өткізу».

1) Оқушы неге құқылы?

Білім алуға, емделуге, демалуға, ұрлық жасауға, қоршаған ортаны ластауға, өз сыныптастарына кедергі жасауға.

2) Оқушы неге міндетті?

Білім алуға, ата-анасын тыңдауға, басылымдарға жазылуға, оқулықтарын таза ұстауға, мектеп тәртібін сақтауға, үй тұрғызуға.

IX бөлім. «Білімді тиянақтау». Сәйкестендіру кестесін құрастыру.

Қорытынды (әділ қазылар алқасының қортындысы).

Мейраш АЯШОВА,

№111 орта мектептің технология пәні мұғалімі.

Алдашбай ахун ауылы,

Қармақшы ауданы,

Қызылорда облысы.

Lesson Study – зерттеу сабағының қажеттілігі



Улбала
Усеровна
АРЫСТАНБЕКОВА,
№200 мектеп-
гимназияның
бастауыш сынып
мұғалімі.
Алматы қаласы.

Әрбір педагогтың басты мақсаты өз білімін шыңдау, дамыту болып табылады. Себебі, білім бір орында тұрмайды, ол үздіксіз дамып отырады. Әр күн сайын жаңа ашылулар, жаңалықтар оқып көруімізге болады. Сол жаңалықтардың бірі – Lesson Study – жаңаша зерттеу жұмысы деп аталады. Lesson Study – мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білім жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық – педагогикалық зерттеу жұмысы.

Lesson Study-ге жоспарлау, оқыту, қадағалау, оқыту мен оқуды талдау. Әрбір мұғалім өз қорытындыларын тұжырымдап, жоспарды бірлесіп жүзеге асыратын мұғалімдер тобы қатысады. Lesson Study – дің бір циклін өткізген соң мұғалімдер педагогикалық зерттеулерді түрлендіріп, жетілдіріп отырады.

Сабақты зерттеу (Lesson Study) мұғалімдерді толассыз, тұрақты түрде кәсіби шеберлігін дамытуға ынталандырып, мұғалімдердің топтағы ынтымағын дамытады. Бұндай топтағы

ұстаздар өзін – өзі басқарып, өз білімін дамытатын орта қалыптастырады. Сабақты зерттеу (Lesson Study) тобына мектептің басқа да мұғалімдерін тарту керек. Сабақты зерттеу (Lesson Study) тобында, топпен бірлесе жұмыс жасаған ұстаздар өзін-өзі реттейтін, өзін-өзі дамытатын ұстаздар. Сабақты зерттеу (Lesson Study) тобына қатысқан мұғалімнің сабаққа дайындалуы да сабаққа қатысу мәдениеті де өзгереді.

Lesson Study тобына мұғалімдер өз еркімен келуі қажет. Себебі, өз еркімен, жүрек қалауымен келген мұғалім өз ісіне жауапкершілікпен қарайды

Әрбір оқушы сабаққа белсене атсалысуы үшін оқушыларды сабақты жоспарлауға қатыстыру керек. Ол үшін сабақ бастаудың алдында тандап алынған сыныппен немесе оқушымен сұқпаттасу қажет. Сұқпаттасу барысында: «Не білгіңіз келеді? Алдағы сабақтан не күтесіз? Осы тақырыптың негізгі ойы не деп ойлайсыз? Сіздің ойыңызша сабақта қандай әдіс-тәсілдерді қолданған дұрыс деп ойлайсыз? Топқа бөлудің басқа тәсілін ұсына аласыз ба? Сыныптағы жақын досың кім? Сыныпта саған қайсы оқушының көмектескенін қалайсыз? Сабақты зерттеу (Lesson Study) сізге ұнайды ма? Ұнаса несімен ұнайды? Қайсы досыңызбен бір топта болғыңыз келеді?» Айтылған ұсыныстарды қағазға жазып алыңыз. Сабақ жоспарын құрған кез-



де міндетті түрде осы ұсыныстарды ескерген жөн

Сондықтан қазіргі кезде көптеген мектеп оқушылары өз жұмыстарын осы әдіске негіздей бастаған. Бұл дұрыс болар.

Сабақты зерттеу (Lesson Study) тобы мұғалімдердің ұстаздық шеберлігін

арттырады. Сабақ барысында туындаған мәселелерді зерттеп шешімін табады. Туындаған мәселелердің шешімін сабақ басталмай тұрып табады. Сабақта туындаған мәселелерді шешу үшін коучингтер ұйымдастырылады. Коучинг сабақта туындаған мәселелерді шешуге мұғалімдерді машықтандырады. Дұрыс шешім қабылдауға дағдыландырады және мұғалімдер өзін-өзі дамытады.

Қорыта келе, қай кезде де мұғалім білім мекемелерінде негізгі тұлға. Оқушыға білімді өз бетімен меңгеру үшін жетекшілік, бағыттаушы қызметін атқарады. Мұғалім жан-жақты білімді, заман ағымына сай жаңашыл ұстаз болса, өз ойлары мен идеяларымен өз әріптестерінің көшбасшысы бола алады. Заман талабына сай білімді ұрпақ тәрбиелеу үшін Lesson Study – зерттеу сабағы мұғалімдердің өз білімдерін жетілдіру үшін қажет.

Ұлттық өнер және ұлттық тәрбие

Өсіп келе жатқан тұлғаны дамыған тұлға ретінде тәрбиелеу қазіргі қоғамның басты міндеттерінің бірі болып табылады. Қоғамның тарихи даму процесінде адамның өзінің шынайы болмысынан алшақтауын жеңу, рухани дамыған тұлғаның қалыптасуы өздігінен жүзеге аспайды. Ол адамдар тарапынан күш-жігерді қажет етеді және бұл күш-жігер материалдық мүмкіндіктерді, объективті әлеуметтік жағдайларды жасауға, сондай-ақ әрбір

тарихи кезеңде ашылатын тұлғаның рухани-адамгершілік кемелденуінің жаңа мүмкіндіктерін жүзеге асыруға бағытталған. Бұл екі жақты процесте адамның тұлға ретінде дамуының нақты мүмкіндігі қоғамның материалдық және рухани ресурстарының жиынтығымен жүзеге асады.

Білім алушының бойындағы өз Отанына деген ыстық ықыласы мен сүйіспеншілігі ең алдымен, өз отбасы мен туған жерінен бастау алып, тұлға

есейген сайын біртіндеп ұлттық сана, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле түсетін сезім. Бүгінгі Қазақстан — дамудың даңғыл жолындағы өркениетті ел. Осыған орай, өскелең ұрпақтың өз Отаны мен еліне деген сезімін арттыра отырып, ұлттық тәрбиені бойына сіңіре тәрбиелеу — әрбір мұғалімнің абыройлы ісі болуы тиіс. Ең басты міндетіміз - мемлекетіміздің озық елдердің алды болып, өркендей түсуі, мемлекетімізге қауіп төндіретін кез-келген сыртқы күштерге қарсы тұруға баулу. Сонымен бірге, отбасылық ортада тұлғаның жан-жақты қалыптасуына қажетті білім, білік және дағдыларды балалардың бойына сіңіру.

Отбасылық тәрбие процесін ата-аналар мен балалар өмірінің ажырамас бірлігі ретінде қарастыра отырып, маңызды бөліктерін бөліп көрсетуге болады. Осының барлығын дұрыс түсіну, ең алдымен, баланың жеке басының қалыптасуына әсер етеді. Біздің ойымызша, отбасылық өмірдің негізгі, өзекті мәселелері, балалардың табиғаты мен тағдырын айтарлықтай дәрежеде айқындайтын нақты тәрбие ұжымын ұйымдастыру. Ең алдымен, отбасыишілік қарым-қатынастарды дамыту мен балалардың рухани әлемін қалыптастыру және ата-ана беделіне байланысты мәселелер болып табылады.

Жанұя баланың тәрбиесі үшін қолайлы ортаны ұсынады, себебі:

Баланың тәрбиесімен ата-ана айналысады, олар балаға еліктеуге лайықты үлгілі мінез-құлық береді;

Отбасының бірлігі, оның барлық мүшелерінің мақсаттарының бірлігі баланың өзін қорғалғандығын сезінуі-

не, моральдық, адамгершілік

және рухани құндылықтар жүйесін нақты түсінуге және меңгеруге мүмкіндік береді;

Отбасының барлық мүшелерінің жеке құқықтарын құрметтеу негізінде құрылған өзара қарым-қатынас баланың өз өзіне, өз күші мен қабілеттеріне сенімді болуына, жаңа дағдыларды меңгеру барысында қорқынышты сезінбеуіне мүмкіндік береді (балабақшада, мектепте, институтта, т.б.);

1. Отбасының әрбір мүшесі басқалармен теңдей қабылданады;

2. Сенім, адалдық, ашықтық қалыптасады;

3. Отбасының әрбір мүшесі бетке айтудан, көңіліне тиюден қорықпай, өз сезімін ашық айтуына болады;

4. Әрбір отбасы мүшесінің отбасына қатысты өз жауапкершілігі болады;

5. Әрбір отбасының дәстүрлері мен салт-жоралары құрметтеледі және сақталады.

Ұлттық тәрбие — халықтың өз ұлттық мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын меңгеру процесі ғана емес, тұлғаны ұлттық сананың субъектісі ретінде қалыптастыру. Бұл өз кезегінде тұлғаның ұлттық, жалпыадамзаттық мазмұндағы адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға бағыттылықты болжайды.

Қазақ халқының көшпелі тұрмысы әрқашанда белгілі бір қиындықтар туғызып, үнемі көшіп-қонумен байланысты болған. Сондықтан халық рухани байлықтан басқа ештеңе жинай алмады. Қазақтар биік үй салмаған, материалдық құндылықтарға аса қызықпаған, сондықтан өзгенің байлығына қызғанышсыз қарап, ол үшін

соғысқа шықпаған, оны күшпен тартып алуға әрекеттенбеген. Көптеген шетелдік ғалымдар өз зерттеулерінде қазақтардың осындай қарапайым өмір салтына белсенді қызығушылық танытады. Материалдық байлықтан рухани құндылықтарды артық санаған қазақ халқының философиялық көзқарасы терең болған. Ал оның барлық материалдық байлығы кез келген уақытта, кез келген жолмен және кез келген жерге тасымалданатын киіз үй мен қажетті тұрмыстық заттар мен көшпенділермен бірге жүретін малдары болды.

Ұлттық тәрбиенің мақсаты тәрбиелік міндеттер жүйесі арқылы айқындалады:

- оқушылар бойында ұлттық сана мен туған жерге, отбасына, халқына деген сүйіспеншілікті, елінің гүлденуі жолында еңбек етуге ұмтылуын, оны қорғауға дайындығын қалыптастыру;

- Конституцияға, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауға тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру;

- ұрпақтардың рухани бірлігін қамтамасыз ету, ата-анаға, туған халқының мәдениеті мен тарихына құрметпен қарауға тәрбиелеу;

- сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, қазақ тілін жоғары деңгейде меңгеру;

жеке тұлғаның рухани мәдениетін тәрбиелеу және дүниетанымдық ұстанымының еркін қалыптасуына жағдай жасау;

- жалпыадамзаттық адамгершілік принциптерін бекіту: шындық, әділдік, патриоттық, мейірімділік, төзімділік, еңбексүйгіштік және басқа да ізгі қасиеттер;

Оқушы бойында отбасы құндылық-

тары мен ұлттық тәрбиені қалыптастыру үшін:

- рухани-адамгершілік, мәдени, тарихи және ұлттық құндылықтар негізінде сыныптық және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;

- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеуге баулу;

- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;

- педагогикалық жағдаяттарды шешу және тапсырмаларды орындау арқылы отбасындағы рухани-адамгершілік тәрбиенің маңыздылығын талқылау;

- оқушылардың жан-жақты дамуы үшін рухани-адамгершілік құндылықтар кеңістігін құру.

Ұлттың ең жақсы көрінісі — ана тілі, халық шығармашылығы, туған жердің тарихы, географиясы — осының бәрі бірігіп тәрбиенің ұлттық болуын қамтамасыз етеді. Дегенмен, ұлт принципіндегі ең маңыздысы, бірқатар авторлардың пікірінше, этностың жердегі өркениет ауқымында өзін-өзі сақтау үшін барлық мүшелерінің күш-жігерін шоғырландыруға мүмкіндік беретін ұлттық идея. Педагогика ғылымы мен халық педагогикасы бір-бірімен күрделі әрекеттестікке түсіп, бір-бірінің дамуына өзара қолайлы жағдай туғызып, педагогикалық мәдениет деп атауға болатын біртұтас кеңістік құрады.

Қорыта келе, қазіргі педагогиканың ең маңызды міндеті — өз халқының озық өткеніне, ұлттық, отандық және

әлемдік мәдениеттерге терең қызығушылық таныту арқылы жас ұрпақтың рухани әлеуетін молайту, оның интеллектуалдық, адамгершілік және эстетикалық мәдениетін қалыптастыру. Ғұлама ғалым Әл-Фараби «Тәрбиелеу дегеніміз — адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту» деп, педагог әрі жазушы Антон Макаренко «Жақсы отбасыда жазалау деген атымен болмайды. Ал бұл — отбасы тәрбиесінің ең дұрыс жолы» деген сөздері тәрбиенің маңызын көрсетеді. Тәрбие мен білімнің ұштасып, мектеп пен ата-ана, оқушы үштігінің бірлескен іс-әрекетінің арқасында жан-жақты, саналы ұрпақ тәрбиелеріміз анық. Тәрбиелеу барысында оқушының бойына отбасы құндылықтары мен ұлттық тәрбиені сіңіре білейік.

Мектебімізде «Жас толқын» домбырашылар ансамблі бар, мен шәкірттерімді мақтан тұтамын. Көптеген аудандық, қалалық, республикалық өнер байқауларының жүлдегерлері. Алматы қаласы «Жұлдызды сәт» музыкалық шығармашылық музыкалық байқауының II орын жеңімпаздары, «Жас толқын» домбырашылар ансамблі «Менің Отаным Қазақстан» атты қалалық байқауынан I орын;

Сәрсенбай Әсер «Ақберен» Республикалық жалпы білім беретін мектептердің шығармашыл 8-11 сынып оқушылары арасында өнер байқауының қалалық кезеңіне «Ұлттық аспапта өнер көрсету» III дәрежелі диплом.

Тұңғатар Қалина «Ақберен» Республикалық жалпы білім беретін мектептердің шығармашыл 8-11 сынып оқушылары арасында өнер байқауының

қалалық кезеңіне «Ақындар айтысы» II дәрежелі диплом.

Алматы қаласы Білім басқармасының ұйымдастыруымен қала күні мерекесіне орай өткізілген «Арман қала — Алматы» атты қалалық оқушылар айтысының Бас жүлде иегері 9-сынып оқушысы Тұңғатар Қалина.

Алматы қаласы Білім басқармасы «Қайсар Жүрек» Қоғамдық Қорының «Патриоттық рух — басты құндылық» жобасы аясында «Тәуелсіз елдің ұрпағы» атты қалалық байқауда «Ән айту» номинациясынан 8-сынып оқушысы Бостан Нұрболат 1-орын, «Жас толқын» ансамблі «Домбыра шерту» номинациясынан 3-орын алды.

Домбыра — қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол — қазақтар өмірінде маңызды орын алатын — өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма — күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде домбыра жеке әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халықтық-фольклорлық музыкада, классикалық шығармаларды орындауға қолданылатын, мүмкіндігі кең музыкалық аспап болып табылады. Домбыра — қазақтың халық аспабы.

Қазақ халқы домбыраны көне заманнан бері қуанышта да, қайғыда да бірдей қолданып келеді. Олар домбыраның сыңғырлаған үнімен халқымыздың тарихын, салт-дәстүрін, мызғымас құндылықтарын жеткізген. Ал домбырада ойнау өнері мен күйлер ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып жалғасып отырған.

Әрбір шаңырақтың төрінде ілулі тұратын домбыра ұлттық өнерді ұлықтайды. Оны ұлтымыздың жаны дерсің. Халқымыз бабаның көзіндей, қазақтың өзіндей болған қастерлі дүниенің қадір-қасиетін құрметтей біледі. Әдетте домбырасы жоқ шаңырақ мұрасы жоқ үй ретінде бағаланады. Ғасырлар бойы сақталған даланың рухы мен бабаның ғұрпын бүгінге жеткізген ұлттық құндылықтың тамыры тым тереңде жатыр. Домбыраның өзіне тән үні бар, сол қоңыр үнді нағыз шебер ғана өз нақышына келтіріп орындай алады.

Қашанда қазақ пен домбыра егіз екенін айтады. Екеуінің біртұтас ұғымға айналып кеткеніне тарих куә. Сол қасиетті қара домбыраның күмбірлеген үні талай қазаққа рух береді. Оның шанағынан төгілген әсем әуен

мен тәтті күйге тәнті болып, құлақ құрышын қандырамыз.

Домбыраға деген қызығушылық әрі музыкалық аспаптың танымалдылығы ешқашан да тоқтаған емес. Бүгінде домбыраның құлағында ойнайтын жастар көп. Бұл қуантарлық жайт. Бұл дәстүрді сақтап, оны келесі ұрпаққа аманат етіп тапсыру біздің қолымыздан келеді

Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

**Акмарал Лесбековна
САЛКИНБЕКОВА,**

**№200 мектеп-гимназия директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,
музыка пәні мұғалімі.
Алматы қаласы.**

Ақындар жырлаған туған өлке

Ақтөбе қаласына 155 жыл және ақынның «Айналдым, Ақтөбе!» әніне 25 жыл толуына орай №3 қалалық кітапхананың ұйымдастырумен Бопай ханым атындағы жоғары медициналық колледж студенттері мен Жазушы, ҚР «Құрметті азаматы», «Мәдениет саласының үздігі», 2024 жылдың жаңа Қазақстанның Жыл Адамы, Аймаханова Гүлсамал Төрединқызымен сыр-сұхбат ұйымдастырды.

Кеш мақсаты оқырмандарға өлкеміздегі халыққа танымал ақын шығар-

маларың оқуға, еліне, жеріне, деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Өлкемізге танымал қазақтың қарапайым қаламгері кешіміздің құрметті қонағы болды. Гүлсамал Төрединқызы Аймаханова Ақтөбе облысы Шалқар ауданында дүниеге келген. 1979 жылы орта мектепті, 1985 ж. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетін тәмамдады. Еңбек жолын Алға және Мұғалжар аудандық газеттерінде тілшіліктен бастап (1985-1988), даңқты



Батыр Ә. Молдағұлова мұражайының ғылыми қызметкері болды (1988-1989). Ақтөбе облыстық телерадиокомпаниясында редактор қызметін атқарды (1989-1999). 40 жылдай тарихы бар облыстық радио жабылып, кейін баспасөздің түрлі саласында тер төкті. «Ақтөбе» энциклопедиясының ғылыми қызметкері болып, аймақ тарихының жинақталуына атсалысты (2001). Өңірде Дін-Исламның өркен жайып, Ұлттық құндылықтардың жаңғырып-түлеуінің жаршысы болып, өмірге келген тәуелсіз «Нұр-Дәулет» газетін ашуға атсалысып, бас редакторы қызметін атқарды (2002-2004). 2005 жылдан «Advance Service» орталығында аудармашы, республикалық педагогикалық басылымдардың тілшісі болды.

Ең алғаш өлендері жас ақындардың «Мерейлі мекен» жинағына енгізілді (республикалық «Жалын» баспасы, 1992). Тұңғыш Жыр кітабы «Көкемарал» 2000 ж. Алматыда «Отырар» баспасынан асылдың сынығы, көрнекті ғалым Е.К. Жұбановтың «Поэзия

самалы тербеген жыр гүлдері» деген алғысөзімен жарық көрді. «Көкемарал» кітабын ақын Е. Дүйсенбайұлы «Жарық дүниеге құштарлық пен інкәрлік жыры» (29.01.01) деп бағаласа, М. Құрманалин «Абыз ақын тілегін» (21.11.2008) арнады. «Еңлікгүл» атты екінші Жыр жинағы 2008 жылы республикалық «Сардар» баспасынан Қазақстанның Халық жазушысы Т. Молдағалиевтің «Жырың көрікті болсын!» деген батасымен шықты. Есімі мен шығармалары: 2005 жылы Ақтөбе өңірінің «Жәдігер» әдеби Антологиясына, «Әлия – 80» кітабына; 2009 жылы «Қазақ телевизиясы» және «Шалқар» Энциклопедияларына, «Қазақстан Жазушылары» Анықтамалығына, 2012 жылы «Шалқар ауданына 80 жыл» кітабына, т.б. жинақтарға енгізілген. 2013 ж. Жазушылар одағының мүшесі, ақын, сазгер, аудармашы Гүлсамал Төрединқызы Аймаханова – мәдениет саласының дамуына ерекше үлес қосқаны, елдің мәдениетін дамытудағы ұзақ жылғы еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет сала-



сының үздігі» белгісімен марапатталды. Кітапхана оқу залында Бопай ханым атындағы медицина колледжінің 1 -курс студентері, кітапханшылар қатынасты. Оқырмандар ақынның «Көкемарал» шығармасынан «Қазақ қызымын», «Ауылға хат», «Дос қайда?», «Арман» өлеңдері мәнерлеп оқыды. 1978 жылдан осы уақытқа дейін отандық 50-ден астам атаулы баспасөздерге жүздеген өлең-мақаласы жарияланған.

Алдағы қаламыздың мерейтойына орай Ақтөбенің 155 жылдық мерекесімен құттықтай отырып, ақын өз шығармасынан «Ақтөбе-Бақытым!» өлең шумағын оқып берді. Ақтөбе қаласының ән ұранына айналған «Айналдым,

Ақтөбе!» әнінің сазгері Қосжанов Құрманбай туралы жылы лебізін жеткізді. Бұдан кейін өткен жылы өзі жауапты шығарушы – редакторы болып, құрастырып, жарыққа шығарған «Сартай батыр – Жаужүрек мың бала» жинақ-кітабының Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану мұражайында тұсаукесер өткені туралы, 700 дана оқырмандарға жол тартқанын айтты. Қаламгер кітаптың «Ұлы даланың аруақты батыры», «Сартай батыр», «Тарихты тұлғалар

жасайды», «Ерлік даңқы – мәңгілік» атты бөлімдеріне тоқталып оқырмандарға «Сартай батыр рухына...» жырдастанынан үзінді оқып берді. Кітапхана меңгерушісі Бахатова Базаргүл сөз сөйлеп, алғысын білдірді. Қалалық кітапхана басшысы Гулнара Ноқымқызы атынан Алғыс хат пен сыйлықтар тапсырылды. Студенттер қауымы, оқырмандар ақыннан қолтаңбасын



алып, алғыстарын жеткізді. «Поэзия мәңгі өлмес, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар алтын көпір, асыл қазына, інжумаржаны, махаббат, сүйіспеншілік, адам жүрегінің мың сан дірілін шеберлікпен бейнелеген жұп-жұмыр жауһар дүние».

**Жанар Казбекқызы
НУРЫМГЕРЕЕВА,**
№3 қалалық кітапхана меңгерушісі.
Ақтөбе қаласы.

Алдымен сүй, ардақта ата-анаңды!

Мақсаты:

Білімділік: Оқушылардың өз ортасына, отбасына деген сүйіспеншілік, мейірімділік сезімін ояту;

Дамытушылық: Оқушылардың мәнерлеп оқу, сөйлеу мәнері, ән-би арқылы ой-өрісін дамыту;

Тәрбиелік: Оқушыларды ата-ананы құрметтеуге, сыйлауға, аялауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Нақыл сөздер.

Ұйымдастыру кезеңі.

«Әке-ана» әні орындалады.

Психологиялық дайындық.

Алдымен сүй, ардақта ата-ананды,

Үлгілі ұрпақ атадан бата алады.

Бар жақсылық балаға бұл ғаламда

Мейірімімен ата-ананың жасалады.

Ата-анасын сағынар жырақта жүрген баласы,

Сәлем жолдар жүректен шыққан сөздермен.

Екеуінің қуанышы, тілегі

Әрқашанда бір арнадан табылар.

Ой қозғау. Ата-ана деген кім?

1-оқушы: Ата-ана-отбасының негізгі дінгегі, бастапқы дәнекері. Дәстүрлі қазақ отбасында ата-ананың қадірі ерекше әспеттелген.

Бала, бала, бала деп,

Түнде шошып оянған.

Түн ұйқысын төрт бөліп,

Түнде бесік таянған.

2-оқушы: Әр адам көзін ашып дүниеге келгенде мейірімді, жүрегі

жылы жанды көреді. Ол — Ана. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай бауырына басып, біз үшін шырылдайтын да ана.

1-оқушы: Үйдегі алтын қазық — ана. Ана ақылды болса, бала дана болады. Ана тәрбиесі — қызға үлгі, әке тәрбиесі — ұлға үлгі. Ана — ақылшың, әкең — қамқоршың. Ананы сыйламағанның ақылы кем, әкені сыйламағанның жақыны кем. Сендер білесіндер ме, дүниедегі ең сұлу кім?

3-оқушы: Дүниедегі ең сұлу — ол ана! Әлемдегі Ең мейірімді ана, ұлттың ұйтқысы, ұрпақтың анасы.

4-оқушы: Бізге қажымас қайрат беретін — анаға мың алғыс! Абылай, Абай, Шоқан, Махамбет пен Исатай сол аналардың ұлдары, бәрі ананың ақ сүтінен нәр алған.

5-оқушы:

Кім сендерді балалар, сүйетұғын,

Қуанышыңа қуанып, қайғыңа күйетұғын?

Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай,

Шеңең байғұс дамылсыз жүретұғын.

6-оқушы:

Кім сендерді, балалар, тербететін,

Еркелетіп ойнайтын, сергітетін?

Жалқау болсаң, балалар, жаман болсаң,

Қамқор анаң көз жасын көлдететін.

Көрініс: «Ата мен немере»

7-оқушы: Әке — асқар тауым! «Әке — асқар тау, ана — қайнар бұлақ, бала — жағасындағы құрақ» дегендей «Әке» деген қандай жақын, қандай ыстық десенізші! Өмірде әкесін жек көретін бала жоқ шығар, өйткені бала үшін әкенің орны бөлек қой. Менің өмірдегі ең қымбат адамым — сіз, менің сүйікті әкешім!

8-оқушы:

Сізсіз әке — ең ақылды, ең шыншыл,
Сізсіз әке — ең жақыным, ең сыршыл.

Шуақ шашқан қашанда асыл жүрегің,

Жанымдасың, камқорымсың білемін.

Қабыл алғын бала жүрек тілегін.

9-оқушы: Әке әркімнің сүйенер тіреуі. Әке әркімге қымбат. Әкені ардақтай білу керек, өйткені ол отбасының ең басты мүшесі, яғни отағасы.

Өсірген баптап баласын,
Әкелер әркез «Жарайсың».

Бар өнерін үйреткен,
Оздырған да жүйріктен.

Әке деген — ардақты ат.

10-оқушы: Халқымыздың мақал-мәтелдерінен, даналық сөздерінен де ата-ананың қадір-қасиеті туралы айтылған асыл сөздерді табар едік.

«Алты аға бірігіп әке болмас, жеті жеңге бірігіп ана болмас» деген сөзде терең ой жатыр.

11-оқушы: ата-анаға не істесең, алдына сол келеді. Дүние кезек. Сен ата-ананды сыйласаң, сенің балаларың да сені сыйлайтын болады.

12-оқушы:

Сәулелі сөз сөне ме,

Орны бөлек батаның.

Бізге тәлім өнеге -

Ақ тілеуі әкенің.

13-оқушы:

Бойға қуат береді -

«Әй, жарайсың» дегені.

Мен әкемнен әр кезде,

Соны естігім келеді.

14-оқушы:

Сабағымнан қалмаймын,

Бес аламын бәрінен.

Озат оқып әрдайым

Қуантамын әкемді.

15-оқушы:

Ойнаймыз, күлеміз.

Жарқылдап жүреміз.

Әкені сыйлаймыз,

Айтқанын тыңдаймыз.

16-оқушы:

Теңіздей шалқып жүремін,

Сүйенер сенсің тірегім.

Барсам да қайда, жан әке,

Өзіңмен бірге жүремін.

«Айгөлек» биі биленеді.

Қорытынды: Өзінді өмірге келтірген, тіршілігіңе нәр берген ата-ананың алдында адамның парыз-міндеті өлшеусіз. Ананың ақ сүтін, әкенің адал күшін ақтау — өз болашағыңды сақтау. Ата-аналарымызды сыйлайық, қастерлейік.

**Алтынғаным Жасқайратқызы
ТЕМИРАЛИЕВА,**

**Қ. Сәтбаев атындағы жалпы
орта білім беру мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі**

**Тасқала ауылы,
Тасқала ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.**

Кітап рухани байлық, жан азығы!

Мақсаты: кітаптың адам өміріндегі маңызын айтып, оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттырып, ойлау қабілетін дамыту. Еш уақытта маңызы жойылмайтын кітапты насихаттау.

Көрнекілігі: кітап, кітапхана туралы слайдтар.

Жүргізуші: жазушы Әкім Тарази ағамыз айтқандай: «Кітапхана — әр тараптан жыл құсындай қуаныш жетелеп келетін кітаптардың патшалығы», - деген еді. Кітапхана ол араб тілінен енген сөз, жазу қоймасы деген мағына береді. Қазіргі таңда жан-жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі — мектеп кітапханасы.

Жүргізуші: Біздің кітапханада да тұрақты оқырмандарымыз бар. Олардың жас деңгейлері де әр алуан. Әр кітап — өзінше бір құпия. Енді оқырман қауымға сұрақтар қойылып, пікірлері тыңдалады.

Жүргізуші:

Білесің бе кітап — білім ұясын,
Келесің мұнда, өмірге азық жиясың.
Оқып-біліп, зерттеп көріп санана,
Терең білім ой-маржанын құясың.
Дейді ойшылдар «Кітап — білім бұлағы».

Кітапхана сол кітаптар тұрағы.
Көп үйреніп, көп оқыған баланың,
Анық тағы білімпаз боп шығары.
Адамның досы — кітап, өмір кілті,
Тең келмес оған жиған дүние мүлкі.
Ақылшы, жанға серік жол бастаушы,

Асыл ой, қазынасы, өмір көркі.
Тұрады басын құрап әріп неден,
Басталған білім басы әліппеден.
Қарасаң шалқар теңіз, тілсіз мұхит,
Оқысаң кітап сырын ашып неден.
Кітаптар — бейне жапырақ,
Жырлайтын сырын өмірдің.
Оқысаң кейде жаттап,
Көтеріп күйін көңілдің.
Елімізде де атақты,
Ғылым, ата не тапты?
Бәрін, бәрін білесің,
Оқи берсең кітапты.

Жүргізуші: Кітап — күш, кітап — құдірет. «Кітап — адамзаттың рухани байлығы». Рухани дүниенді байытып, дүниетанымыңды кеңейтетін де кітап. Кітап — дос, кітап — сырлас. Барша ғылым кітапта. Ал ғылым — өмір сырын ашып түйіндейтін жүйе. Ол рухани өмір көзі.

Кітапты оқымайды сыйламаған,
Білімге жанын жанып қинамаған.
Өсірген кімнің болсын ой-өрісін.
Сол кітап бек ақылшы күнде маған.

Жүргізуші: Кітап — ақпарат туындысы. Адам мен адамды, ел мен елді байланыстыратын құрал. Кітап — идеология, саясат, мәдениет құралы. Ғылыми-техникалық білімдер ұйытқысы. Кітап мәңгілік мектеп, адамның ойпарасатын өрістетуші университет.

Жүргізуші: Түлекті тәрбиелер кітап — мектеп,
Өседі сол кітаптан бұтақ көктеп.
Молайтып ақылыңды сан еселеп,
Береді білім нәрін кітап көктеп.

Жүргізуші: Қазіргі техниканың дамыған заманы болса да кітап бұрынғысынша әрқайсымыздың ең сенімді серігіміз боп қала береді. Кітап беттерінде ақиқат тірлігінің сан қилы құпия сырлары сақталған. Кітап біздің алға жылжуымызға, адамгершіліктің биік шыңына көтерілуімізге өлшеусіз ақыл қосады. Кітап — ең сабырлы ұстаз.

Сұрақтар:

1. Кітапханадан қандай кітаптар алып оқыдыңыз?

2. Қазіргі ақпарат дамып тұрған кезде кітапханаға бару керек пе? Неге?

Жүргізуші: Сонымен қатар мекте-

бімізде ұстаздар қауымы да кітапханамен байланысады. Сіздер қандай кітаптарды сүйіп оқыдыңыздар, оған қандай жарнама жасар едіңіздер?

Жүргізуші: Интернет — бір күндік, кітап мың жылдық. Сондықтан сіздерді кітап оқуға шақырамыз.

**Клара Әзіржанқызы
ҚАРАЖАНОВА,**

Ж. Мырзағалиев орта мектебінің кітапхана меңгерушісі.

**Тұщықұдық селосы,
Исатай ауданы,
Атырау облысы.**

Мен және менің отбасым

Мақсаты: оқушылардың алған білімдерін, өнерлерін ата-анасымен бірге ортаға салу. Оқушылардың ой-өрісін, сөздік қорын дамыту;

Халық алдында өзін-өзі ұстай білуге, мәдениеттілікке, жүйелі, нақты жауап беруге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: сайыстың жоспары, мақал-мәтелдер, суреттер.

Мерекеге ата-аналар, мұғалімдер, ардагер ұстаздар, оқушылар шақырылады.

Әділ қазылар алқасы сайланады. Сайыс 2 бөлімнен тұрады:

I бөлім. Білім сайысы:

1. Бала тәрбиесіндегі басшылыққа алатын аталы сөз. (Әкесі жауап береді);

2. «Өзім туралы» деп аталады. (Бала өзін, ата-анасын таныстырады);

3. Оқушылар мәнерлеп оқудан сайысқа түседі;

4. Мақал-мәтелдер айту;

5. Жұмбақ шешу;

6. Жұмбақ есептер шығару.

II бөлім. Өнер сайысы:

1. Ән, би өнері;

2. Сурет салу;

3. Қол өнер;

4. Аналары мәнерлеп ертегі айтудан сайысқа түседі;

5. Спорттық эстафеталық ойын.

Жүргізілу барысы.

I жүргізуші:

Жиналыппыз сәтті күні бәріміз де,
Үлкен-кіші, жасымыз, кәріміз де.
Төрлетіндер, қадірменді қонақтар,
Гүл-гүл жайнап біздің мына төрімізге.

II жүргізуші:

Тыңдаңыздар! Тыңдаңыздар!

Босқа қарап тұрмаңыздар!
«Отбасы» тойы басталмақшы,
Қызықтан тыс қалмаңыздар!

I жүргізуші:

Қастерлейміз халық боп,
Салт-дәстүрді дәріптеп.
Айтып кеткен бабалар,
Дәстүрінді таныт деп!

II жүргізуші:

Қадірменді қонақтар, ата-аналар,
ұстаздар!

«Мен және менің отбасым» атты сайысты бастауға рұқсат етіңіздер!

Отбасылардың қадамы құтты болсын деп,

Ортаға отбасыларды шақырайық.

I жүргізуші:

Келіпті не бір саңлақтар,
Бас жүлдені алмаққа.
Сахнаға асықты,
Бір көрініп қалмаққа.

Ортаға Тасмағамбетовтар отбасын шақырамыз.

II жүргізуші:

Әділдік іздеп талпынып,
Тыңбайтұғын шарқ ұрып.
Елнұр деген жарыста,
Озам дейді талпынып.

Ортаға Нұрғалиевтер отбасын шақырамыз.

I жүргізуші:

Мінезге бай салмақты,
Байыптайтын жан-жақты.
Айкөркем, Айболат, Нұрхан,
Жеңімпаз боп қалмақшы.

Ортаға Даулетовтар отбасын шақырамыз.

II жүргізуші:

Темір тұлпар мініпті,
Маман болып білікті.

Мәлік сынды азамат,
Жеңістен ол да үмітті.

Ортаға Айтмағамбетовтар отбасын шақырамыз.

I жүргізуші:

Жұмысты терең меңгерген,
Жақсылықты жөн көрген.
Бір аға тұр құлшынып,
Қалмаймын деп сіздерден.

Ортаға Малғаспаевтар отбасын шақырамыз.

II жүргізуші: Бірінші белес.

Әр отбасы бала тәрбиесіндегі басшылыққа алатын аталы сөз айтады.

(Әкелері жауап береді). Мысалы:

1. Тасмағамбетовтар отбасы.

Ұлым жақсы болсын десең,
Ұлы жақсымен ауылдас бол.
Қызым жақсы болсын десең,
Қызы жақсымен ауылдас бол.

I жүргізуші: Екінші белес.

«Өзім туралы» деп аталады. (2-сынып оқушысы өзінің жас ерекшелігіне қарай өзі туралы толық айтып таныстыруы тиіс).

II жүргізуші: Үшінші белес.

Оқушылар мәнерлеп өлең оқудан сайысқа түседі.

I жүргізуші: Төртінші белес.

Оқушылар бірінен кейін бірі, тізбектей мақал-мәтел айтудан сайысқа түседі. Баласы айта алмай қалған жағдайда әке-шешесі көмекке шақырылады. Өз кезегінде айта алмай қалған отбасы сайыстан шығып отырады. Соңында қалған бір отбасына ұпай қосылады.

II жүргізуші: Бесінші белес.

Жұмбақ шешу. (Балалары шешеді).

I жүргізуші: Алтыншы белес.

Жұмбақ есеп шығарудан сайысқа түседі.

1. Түйе бота маң басқан,
4 аяғын тең басқан.

Шұнақ құлақ 5 ешкі,
2 лақ, 2 ешкі.

- 4 қозылы 2 қой,

Бәрі нешеу айта ғой. (17)

II бөлім. Өнер сайысы.

1. Ән, би өнерінен сайыс. (Әр отбасы өз өнерлерін көрсетеді).

2. Сурет салу. (Тақтада, 1 минут)

Алдымен әкелері шығады — үй жануарлары; аналары — ұлттық киімдер; балалары — машина (ұлдар), гүлді (қыздар).

II жүргізуші:

3. Балалар қол өнерден ептіліктерін көрсетеді. (1 мин. қағаздан бүктеп жасайды).

I жүргізуші:

4. Ертегі айтудан аналары сайысқа түседі.

II жүргізуші:

5. Спорттық сайыс. Эстафеталық ойын.

Аяқтарына қап киіп жарысады.

Қорытынды. Әділ қазылар алқасына сөз беріледі.

Бас жүлдені жеңіп алған отбасына «Үлгілі отбасы» белгісі тағылады.

Балл бойынша I, II, III, IV орын анықталып, дипломмен марапатталады.

Барлық қатысқан отбасыларына сыйлықтар табыс етіледі.

Сания Абилжановна
ТЕЛЬБАЕВА,

«Алмалы орта жалпы білім беретін
мектебі» КММ-нің
бастауыш сынып мұғалімі.

Алмалы ауылы,
Ақжайық ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Жүзден жүрік



Маржан Сайлаубековна БАЙМЕНДЕНОВА,
№181 жалпы білім беретін мектептің математика пәні мұғалімі.

Алатау ауданы,
Алматы қаласы.

Математикалық жарыстың мақсаты:

Оқушылардың математика пәні бойынша меңгерген білімін тексеріп білу, өткен материалды еске түсіру, математика пәніне қызығушылығын арттыру

арқылы ой-қабілетін дамыту және өз ойларын жеткізе білу.

Математикалық жарыстың түрі: Жарыс сабағы.

Көрнекіліктер: Слайд, криптограммалар, карточкалар.

1-жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, математикалық жарысқа қатысушы, аяулы ұстаздарымыз және мектеп оқушылары!

2-жүгізуші: Армысыздар, қадірлі қонақтар, құрметті көрермендер!

1-жүргізуші: Халқымызда жақсы бастама жалғасын тапса, сәтті болғаны деп жатады ғой. Ендеше бүгінгі көпшілік қатысып отырған, көңілді сайысымыз сіздердің көңіліңізден шығып, қуанышқа бөленсе, жарқын бастамаға ұйтқы болған біздер де қуанарымыз әбден анық.



2-жүргізуші: Құрметті көрермендер, сіздерге айтарымыз, көңіл-күйлеріңіз көтеріңкі, жүздеріңіз жарқын, мерейлеріңіз әрқашан үстем болсын!

1-жүргізуші:

Көңілді тапқыштар, білгіштер.

Бар өнерін алдарына салады.

Кім білімді, көп оқыған болса егер.

Бүгінгі сайыстың жеңімпазы болады.

2-жүргізуші:

Есептен сайысады төрт команда.

Алға озар ең мықтысы осы жолда.

Көпшілік өнерлерін қызықтамақ. Сұрайық шығуларын жұрт алдына. Командалар ортаға біртіндеп шақырылады. Әділ қазы алқалары таныстырылады.

(Мектеп әкімшілігі, математика пән мұғалімдері, жоғарғы сынып оқушылары).



1-жүргізуші:

Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар!

Босқа қарап тұрмаңыздар!

Тәрбиеден бастамақшы

Тапқырлардың сайысы, -

деп бүгінгі сайысымызды ашық деп жариялаймыз!

Енді, сайысымыздың жоспарымен таныстырайық.

Жоспары:

1. «Танысу» сайысы (командалардың бір-біріне сәлемі, әділ қазылар алқасына сәлемі, ұраны, төс таңбасы);

2. «Сырлы сөздер» сайысы;

3. «Тапқыр болсаң тауып көр» сайысы;

4. «Арқан тартыс» сайысы;
5. «Жоқ сандарды тап»;
6. «Практикалық есеп»;
7. «Криптограмма»;
8. Капитандар сайысы. «Арифметикалық жұмбақтар».

1-жүргізуші:

Талмай жырлап, сан ғасырлар дас-
танын,

Кең даламнан естіледі асқақ үн.

2-жүргізуші:

Талай талант, сенде шыңдалып,
сенде өсті,

Талай ғылым сенен алды бастауын.

Екі жүргізуші бірігіп: Сол математи-
ка ғылымының жолын қуған, «Сұң-
қар», «Эдисон», «Алғыр», «Пифагор»
топтарын ортаға шақырамыз.

1-тур. «Таныстыру» сайысы. Әр
команданың сәлемдемесі, ұраны. Ең
жоғарғы ұпай – 3.

2-тур. Сырлы сөздер.

1-жүргізуші: Бұл турда әр топқа әріптері
ауысқан математикаға қатысты сөздер бері-
леді дұрыс құрап шығу керек.

1	АНС
2	БРОМ
3	ЛЕСУӘ
4	РОТКЕВ
5	КИРҰЛУЦ
6	АДАРИМИП
7	ЦИПОРЯРОП
8	РЕСАФ
9	УГНЕМАРТ
10	ДВАРКАТ

11	УБК
12	ЗУУТ
13	ҰРШЫБ
14	ӨЛКЕШБ
15	НУКЯИФЦ
16	ТЕРАЛГИН
17	АПРЕЛЬЛА
18	ЕШБРЕЦ
19	ГОНОИРТТРЕМЯИ
20	УСРАИД

3-тур. Тапқыр болсаң, тауып көр.

Шарты: Сіздерге логикалық есептер
мен сұрақтар беріледі. Кім бірінші бо-
лып дұрыс жауап берсе сол ұпайға ие
болады. Әр команда дұрыс жауап бер-
се 1 ұпаймен бағаланады.



4-тур. «Арқан тартыс» дұрыс сұрақ-
қа жауап берсе арқанды өзіне тартып
отырады. Жоғарғы балл 4 балл.

1. Отбасында 4 қыз және әр қыз-
дың бір-бірден бауыры бар. Отбасын-
да барлығы неше бала? (5 бала).

2. Екі оқушы тоғызқұмалақ 4 сағат
ойнайды. Әрқайсысы неше сағат ой-
найды? (4)

3. 5 жұмыртқа 4 минутта піседі, ал
10 жұмыртқа неше минутта піседі?

4. Қосарланып жегілген үш ат бір
сағаттың ішінде 8 шақырым жол жүр-
ді. Осы уақыттың ішінде бір ат қанша
жол жүрген? (8)

5. Үш түйеқұс ұшып келе жатты.
Аңшы олардың бірін атып алды. Олар-
дың қаншасы қалды? (Түйеқұс ұшпай-
ды)

6. Ауылға бір кемпір келе жатты,
оған қарсы екі кемпір шықты. Ауылға
барлығы қанша адам келе жатты? (1)

7. Егер торғайлар бұтаққа бір-бір-
ден отырса, бір бұтақ жетпейді. Ал,
екі-екіден отырса, бір бұтақ артылып
қалады. Неше бұтақ, неше торғай бар?
(3 бұтақ, 4 торғай).

1. Сызғыштың 4 бұрышы бар, оның бір бұрышын кесіп тастаса, неше бұрыш қалады? (5)
2. Қолымызда 10 саусақ бар, 10 қолда неше саусақ? (50)
3. Қандай санның жазылуында қанша әріп болса, сонша цифр бар? (10 және 100).
4. Қайында 10 бұтақ бар. Әр бұтақта 4 алмадан. Барлығы қанша алма? (0)
5. Су астында қандай тас жоқ? (Құрғақ тас)
6. Координаталық сәуледегі сан. (Координата)
7. 1-ге көбейтілген сан ... (сол санның өзі)
8. Төрт қабырғасы және төрт бұрышы тең фигура. (Квадрат)
9. Квадраттың периметрінің формуласы. ($P=4a$)
10. Арақашықтықтың төрт өлшем бірлігі. (Км, м, см, дм)
11. Ең кіші жай сан. (2)
12. Киелі сан. (7)
13. ЕҮОБ сөзін толық айт.
14. 7-ні 6-ға көбейт. (42)
15. Қарама-қарсы қос қостан параллель болып келген төртбұрыш. (Параллелограмм)
16. Бөлшек сызығының астындағы сан. (Бөлімі)
17. Кесіндіні өлшейтін құрал. (Сызғыш)
18. Дискриминант формуласы (b^2-4ac)
19. 6 нөлі бар ондық сан. (1000000)
20. 100-ің $\frac{1}{2}$ -і. (50)
21. Квадраттық функцияның графигінің атауы?
22. Қосудың нәтижесі. (Қосынды)
23. Квадраттың ауданының формуласы. ($S=a^2$)
24. 9 нөлі бар ондық сан. (Млрд)
25. Ең кіші натурал сан. (1)
26. $y=x^2$ функциясы қалай аталады. (Квадраттық функция)
27. ЕКОЕ сөзін толық айт.
28. 7-ні 8-ге көбейт. (56)
29. Барлық қабырғасы тең параллелограмм. (Ромб)
30. Екі бөлгіші бар сан қалай аталады? (Жай сан)
31. Жай сан да, құрама сан да емес сан. (1)
32. Түзудің екі нүктемен шектелген бөлігін не деп атайды? (Кесінді)
33. Массаның төрт өлшем бірлігі. (Кг, г, т, ц)
34. Барлық араб цифрларының көбейтіндісі нешеге тең? (0).
35. 300-дің $\frac{1}{3}$ -і. (100)
36. Қысқаша көбейту формуласының біреуін айт?
37. Тек екі қабырғасы параллель төртбұрыш. (Трапеция)



38. Тік бұрышты үшбұрыштың тік бұрышына қарсы жатқан қабырға. (Гипотенуза)

5-тур. «Тұлғаны танып көр» сайысы

Тапсырма шарты: Сіздерге ғалымның шыққан жері, еңбектері жайлы айтамыз сіздер кім екенін табасыздар, бірінші болып дұрыс жауап берген 2 ұпайға ие болады.

6-тур. «Практикалық есеп» сайысы

Тапсырма шарты: Лентадан көз мөлшерімен 20 см кесіп алу керек. Кім дәлдеу, жақындау кессе, сол команда ең жоғарғы 3 ұпаймен бағаланады.

7-тур. «Криптограмма» сайысы.

Мұнда әр топқа бір-бірден криптограмма беріледі. Қай топ өздеріне берілген криптограммаларынан ең көп сөз тауып жазады, сол топқа ең жоғарғы 5 ұпай беріледі.

Н	Ш	Е	Е	Н	Д
Ү	К	Н	Т	Ө	Е
Р	Т	Б	Е	Р	У
А	Е	Ұ	Ш	Т	Б
Д	И	Р	Ы	М	Е
С	У	А	Л	О	С
А	Н	Т	У	Д	А

Жауабы: нүкте, шеңбер, радиус, төрт, тең, бұрыш, алым, алу, мода, сан, теңдеу, бес.

(Әр команда осы тапсырманы орындағанша, жанкүйерлермен ойын)

8-тур. Капитандар сайысы.

Әр команданың капитандары ортаға шақырылады. Капитандар сайысында жұмбақтар жасырынады, әр дұрыс шешкен командаға 1 балдан.

«Арифметикалық жұмбақтар»

Жүз мүйізі бар,

Үстінде киізі бар.

Қос құлақты жүз тісті,

Жүзінен бірақ іс түсті.

Бұлбұлдың екі құлақ бір басы бар,

Салдыраған сегіз жерден таңбасы бар.

Бұлбұлды жолға салып айдағанда,

Салатын неше түрлі жорғасы бар.

Доп емес, дөңгелек емес,

Ұқсас бірақ, достарым.

Фигура ол негізгі,

Дәл жауапты қостадым.

Бүтін сан, бөлшек сандар,

Барлығы да бар онда.

Бұл қандай сан айтындаршы,

Оң теріс сан бәрі осында.

1. Бір-бірімен жарысқа,

Төрт аю, бір арыстан.

Екі қой мен бір түлкі,

Бәрі нешеу, кім білді? (8)

2. Дүкеннен мен сабын алдым,

Оның және қабын алдым.

Екі дәптер, бір қарындаш,

Тіс ысқышты тағы алдым.

Есептеші сонда бәрі,

Қанша болды қолда бары? (6)

3. Түйе, бота маң басқан,

Төрт аяғын тең басқан.

Шұнақ құлақ бес ешкі,

Қос лақты қос ешкі.

Төрт қозылы екі қой,

Бәрін бірге санап қой. (15)

Қорытындылау. Әділқазылар алқасы және санақ (ұпай) комиссиясы қай команданың жеңгенін анықтайды. Жеңімпаз топ мүшелері сыйлықтармен марапатталады.

Көңіл бөліп бұл сайысқа,

Келгендерге көп рахмет!

Шын сезінген көрерменге,

Мың рахмет, мың рахмет.

Жарқын болашаққа бірге аттанайық!

Сабақтың мақсаты: оқушылардың жеке тұлғалық қабілетін қалыптастыра отырып, Отанын сүйуге, адамгершілікке, қайырымдылыққа, сыйластыққа тәрбиелеу және алға мақсат қоя білетін, алған білімін өмірде пайдалана білетін өзіндік пікірі бар шығармашыл тұлға дайындау.

Әдісі: топпен жұмыс, сұрақ-жауап, сахналық көрініс, рефлексия.

Кіріспе.

Сабақтың барысы. Ұйымдастыру кезеңі:

- Сәлемдесу, түгелдеу;
- Оқушыларды шаттық шеңберіне шақырып, бір-біріне тілек айтып, көңіл-күйлерін көтеру.
- 7, 8, 9-сыныптар бойынша топтарға бөліп, отырғызу.
- Тәрбие сағатының тақырыбымен, мақсатымен таныстыру.

Мұғалім: - Құрметті оқушылар! Бүгінгі «Жарқын болашаққа бірге аттанайық!» атты тәрбие сағатымыз сіздерге терең ой салатын өзіндік салмағы бар тақырып деп ойлаймын.

Қызығушылықты ояту: Мақсатсыз жанталасып жүрген адамнан

өз мақсатын көзден таса етпеген сылбыр адам әлдеқайда артық.
Э.М.Форстер

1-әрекет. Ойланайық, пікірлесейік (1, 2, 3, 5-модулдер)

(Ойлануға 3 минут, қағаз бетіне түсіруге 3 минут, қорғауға әр топқа 2 минут беріледі)

Алдарындағы түстерге сипаттама беру.

Жабдықтар: ұнтаспа, плакат, маркерлер.

2-әрекет. Ой толғау. (1, 2, 3, 5, 6, 7-модулдер)

1-топ. 7-сынып. «Менің қиялымдағы мектеп» атты тақырыпта ойларын қағаз бетіне түсіріп, қорғау.

2-топ. 8-сынып. «Егер мен білім министрі болсам, ...» ойларын жалғастыру. Эссе жазу.

3-топ. 9-сынып. «Бүгіннен — жарқын болашағыма!» тақырыбында жоба (мақсат, әрекет, құрал, нәтиже) құрындар.

Жабдықтар: ұнтаспа, плакат, маркерлер, дәптер

3-әрекет. Іс-қимылмен сахналау. (1, 2, 3, 5, 6, 7-модулдер)

(Ойлануға 3 минут, қорғауға 2 минут) Мейірім, мадақтау, жаза-



лау тақырыптары бойынша сахна-
лау.

**4-әрекет. Жүректен-жүрекке. (1,
2-модулдер)**

Алма стикерлерге өзінің қала-
ған адамына тілек жазып, плакат-
та салынған жеміс ағашына ілу.

Жабдықтар: стикерлер, плакат-
та салынған жеміс ағашы.

5-әрекет. Рефлексия.

6-әрекет. Қорытынды:

Міне, балалар армансыз, мақ-
сатсыз адам ешқандай жетістік-
ке жете алмайтынына көздерің
жетті деп ойлаймын. Қазақстан-
ның көркеюі үшін талантты да,

кабілетті тұлға қажет, оларды бі-
лім беру барысында дамыту біздің
міндетіміз. Демек, Қазақстанның
болашағы жас ұрпақ сіздердің
қолдарыңызда, сіздерден үлкен
үміт күтеміз.

**Айман Еркінқызы
АКЫЛБАЕВА,**

**Гүлбаршын Аманқызы
ГАБДОЛОВА,**

Әл-Фараби атындағы №145

жалпы

**білім беретін мектептің
мұғалімдері.**

Алматы қаласы.

Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар

Мақсаты:

а) Оқушыларды жарыстыра отырып өткен тақырыптарды қайталату, білімін толықтыру;

ә) Білімдерін, ой-өрісін, сыныптан тыс жұмыстарға деген қызығушылығын арттыру;

б) Жауапкершілікке, ұқыптылыққа, өз ойын толық жеткізуге дағдыландыру.

Түрі: жарыс.

Әдісі: сұрақ-жауап.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, слайдтар.

Барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Ойын шарттарымен таныстыру. Үш топқа бөлу. Әділ қазыларды сайлау.

II. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар»

Мұғалім: Бүгінгі «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» атты сыныптан тыс іс-шарамызға қош келдіңіздер!

I жүргізуші: Армысыздар, бармысыздар, қадірлі де қымбатты, сабырлы да сымбатты, аяулы да ардақты ұстаздар мен оқушылар!

II жүргізуші:

Кімдер жүйрік өнерпаз білейікші, «Жүйрігі» деп мектептің жүрейікші. Әділқазыларға тек әділдікті,

Қатысушыларға сәттілікті тілейікші, - дей отырып, әділ қазылар алқасымен таныстырып өтейін.

I жүргізуші:

Өнер қуып жас талант өтер деймін, Бір басына өнері жетер деймін.

Бәске түскен әр шәкірт кезектесіп, Таныстырып өздерін кетер деймін, - дей отырып кезекті таныстыруға берейік.

Топтың аты: «Сұңқар»; «Қыран»; «Алғырлар».

I жүргізуші: Үш топпен танысып болсақ, кезекті I кезеңімізге берейік.

I кезең. «Біліміңмен алға шық!» - деп аталады. Белгілі бір пәндерге байланысты әр топқа сұрақтар қойылады.

Әдебиеттік оқу:

1. Күйші Динаның ұстазы?
2. Қабанбайдың шын аты?
3. Ы. Алтынсариннің қай өлеңін жатқа айта аласың?
4. Абайдың әжесі кім?
5. Қазақтың ұлттық ойындарын ата?

6. Қарсылас топқа не тілер едің?

Қазақ тілі:

1. Зат есім деген не?
2. Сөйлем мүшелерін ата.
3. Домбыра сөзін септе.
4. Қып-қызыл сөзі қандай сөз табына жатады?
5. Білім туралы мақал айт.
6. Қарсы топқа тілегің.

Математика:

1. Ұзындық өлшем бірліктерін ата.
2. Шаршы дегеніміз не?
3. Төртбұрыштың периметрін қалай табамыз?
4. 9-дың көбейту кестесін жатқа айт.
5. Ең үлкен 5 таңбалы сан.
6. Қарсы топқа қандай тілегің бар?

I жүргізуші:

Мінекей залда тыныштық,
Естілмейді дыбыс түк.

Мұны бізде қоштаймыз,

II кезеңді бастаймыз.

II кезең: «Мақал-мәтел сайысы».

Үш топ бір-біріне мақалды аяқтау арқылы жарысады.

I жүргізуші:

Мәңгі-бақи есте қалар,

Қызықты бір жиын болсын

Білімдірек шәкірт озар,

Сұрақтары қиын болсын, - дей отырып ойынымыздың III кезеңі «Қызықты басқатырғылар» (әр топқа 4 сұрақтан қойылады, әр сұраққа дұрыс жауап үшін 5 ұпай):

1. Қатар тұрған үш санның қосындысы да, көбейтіндісі де 6 ға тең. Ол қай сандар? (1, 2, 3)

2. Үш таяқтың неше ұшы бар? (6)

3. Екі санның қосындысы 8 ге тең, айырмасы 2 ге тең, көбейтіндісі 15 ке тең. Ол қандай сандар? (5 пен 3)

4. 4 пен 5 тің арасына қандай таңбаны қойғанда 4 тен артық 5 тен кем сан шығады? (Үтір)

5. Алманың жартысы неге ұқсас? (Жарты шар)

6. Тақтайды 12 бөлікке бөлу үшін неше рет кесу керек? (11)

7. Екі ана, екі бала 3 алманы тең бөліп жеуі мүмкін бе? (Мүмкін)

8. Егер екі кірпіштің салмағы 8 кг болса, бір жарым кірпіштің салмағы қанша болады? (6 кг)

9. Бір кішкене қыз атасынан, сіз нешедесіз деп сұрады. Сонда атасы: «менің жасымды алты есе кемітіп, 6-ны алса, 6-ға тең болады» депті.

Сонда атасы неше жаста болған? (72)

10. Бір қариядан қанша балаңыз бар деп сұрағанда былай деп жауап берді:

«Ұл мен қыздарымның саны бірдей, ал әр ұлымның үш қарындасы бар». Бұл кісінің қанша баласы бар? 4

11. Алмас күнде сабақтан қайтқанда жаяу қайтады. Жазда үйіне дейін 85 минут жүреді. Ал қыстыгүні дәл сол жолмен 1 сағат 25 минутта үйіне жетеді. Неліктен? (85 мин деген 1 сағат 25 минут)

12. Бір топ үйрек ұшып келеді. Біреуі артында, екеуі алдында, біреуі екеуінің ортасында, ал үшеуі тізбектеліп ұшқан. Қанша үйрек ұшып келеді? (3)

I жүргізуші:

Кел, балалар, келіңдер,

Тамашаны көріңдер

Бізде қызық ойын бар,

Барлығың ден қойыңдар!

Ендігі кезекте «Сиқырлы ағаш» ойынын ойнайық. Ойынның шарты: Мұғалім тақтаға кез келген сөз жазады. Бұл сөзге байланысты әрі қарай тізбек құрамыз.

II жүргізуші: IV кезең: «Сөзжұмбақ»

Ойланайық азырақ, уақытыңды үнемдеп,

Кім шығады кәнеки, жауабын мен білем, - деп, **келесі сайыс кезегі «Сөз жұмбақ». Әр топ өздерінің сөзжұмбақтарын қарсылас топқа жасырады.**

I жүргізуші:**V кезең «Топ басшылар сайысы»**

Бұл кезең бойынша топ басшыларына 10 сұрақ беріледі. Сол сұрақарға алғыр да, тапқырлықпен жауап беру керек.

II жүргізуші:**1-топқа:**

1. Білім күні қай күн? (1 қыркүйек)
2. ҚР президенті? (Қ.Ж. Тоқаев)
3. Есту мүшесі (Құлақ)
4. Қазақтың ұлттық аспабы? (Домбыра)
5. Бірінші байлық? (Денсаулық)
6. Киелі санды ата? (7)
7. Ұлы Отан соғысының батыр қазақ қыздары? (Әлия мен Мәншүк)
8. Жылдың 4 мезгіліне өлең жазған ақын? (Абай Құнанбаев)
9. Ешкінің төлі? (Лақ)
10. Қарғаның түсі? (Қара)

I жүргізуші:**2-топқа:**

1. Отан туралы жатқа өлең оқы?
2. ҚР-ның мемлекеттік тілі? (Қазақ тілі)
3. Ата заңымызды қай күні тойлаймыз? (30 тамыз)
4. 25 қазан қандай мереке?
5. Қазақстан қандай мемлекеттермен шекаралас? (Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан)
6. Оқу-білім туралы мақал айт?
7. Аспан денелерін үлкейтіп көрсететін құрал? (Телескоп)
8. Қазақта жыл басы қай ай? (Наурыз)
9. Келін түскенде айтылатын жыр? (Беташар)
10. Бесінші ай атауы? (Мамыр)

II жүргізуші:**3-топқа:**

1. Бір аптада неше күн бар? (7)
2. Бір тәулікте неше сағат бар? (24 сағат)
3. Ауруды емдейтін маман иесі? (Дәрігер)

4. Ананың анасы? (Апа)

5. Аяқ асты келген қонақтың бір түрі? (Құдайы қонақ)

6. Байлықтың кілті? (Білім)

7. Еңбек туралы мақал?

8. Ең үлкен планета? (Юпитер)

9. 9 мамыр қандай мейрам? (Жеңіс күні)

10. Кімнің? Ненің? Қай септіктің сұрағы? (Ілік)

I жүргізуші:

Ән мен күйді төгілтіп,
Інжу-маржан шашайық,
Қонақтарды тамсандырып,
Өнерден шашу шашайық! - дей келе «Өнер әлеміне саяхат» атты бөлімімізге кезек берейік.

II жүргізуші:

Жаксы екен ұстаздардан бата алған.
Әділ қазылар бұл сайысты бағалаған

Жүзден жүйрік күшімен,
Мыңнан тұлпар шықты шын,
Шәкірттердің барлығы
Бір-біріңнен мықтысын
Құттықтаймыз ал енді
Жеңіске жеткен **Қыран тобы**
Өрге жүзіп өнері,

Тауға өрлесін талабы, - деп «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» атты сайысымызды аяқтаймыз. Тамашалағандарыңызға көп рахмет!

Зағира МОМБЕКОВА,
Көксу орта мектебінің
математика пәні мұғалімі.
Көксу ауданы,
Жетісу облысы.

Құшағы кең ұстазым

1-жүргізуші: Армысыздар, мәртебелі мамандық иелері! Баршаңызды төл мерекелеріңізбен құттықтаймыз! Асыл сөздің қас шебері атанған ақын А. Байтұрсынов: «Алты алаштың баласы жиналса да, ұстаздың орны төрде» - дегендей, орындарыңыз әрқашан тек қана төрден болсын! Шәкірттеріңіздің мерейіне бөлене беріңіздер!

2-жүргізуші:

Мейірімді жүрегінде күн нұры,
Нағыз мықты ұстаздардың шын бірі.

Сөзімен де, ісімен де өнеге,
Білім беру саласының үздігі, - дей келе, алғашқы құттықтау сөз мектеп директоры — Қайролданова Умыт Қожаханқызына беріледі.

1-жүргізуші:

Ұстаз болу — жүректің батылдығы,
Ұстаз болу — сезімнің ақылдығы,
Ұстаз болу — мінездің күн шуағы,
Азбайтұғын адамның алтындығы,
- дегендей, әрбір мұғалімнің бала жүрегінен алатын орны ерекше. Ендеше, бастауыш сынып оқушыларының бүгінгі мерекелік құттықтауына кезек берелік. (Бастауыш сыныптың оқушылары өз арнауларын оқиды және ән орындайды)

2-жүргізуші:

Ұстаздар жан анамдай аялаған,
Нұрланған шуағымсың саялаған.
Айналдық мейірімді жүрегіңнен,
Шәкіртінен өз бақытын аямаған!-

дей отырып, 5-7 сынып оқушыларының мерекелік кешімізге арнаған ән шашуын тыңдалық. (Оқушылар өз арнауларын арнайды)

«Ұстазым» әні орындалады.

1-жүргізуші:

Ұстазым ұйытқысы өзің ұлылықтың,
Жаныңмен шәкірттердің сырын ұқтың.

Адамды абзалдыққа жетелейтін,
Жүрегіңнен өмірдің жырын ұқтым, - демекші, әрбір шәкіртті адалдық пен абзалдыққа жетелеген ұстаздарын арнайы құттықтап келіп отырған

8-10 сынып оқушыларына кезек берелік. (8-10 сынып оқушыларының құттықтауы)

1-жүргізуші:

Әрбір топтың аты бар өзіне сай,
Топ атауы тегінде қойылмас жай.
Сол атауды қорғауға мәніменен,
Капитандар отыр ғой сақадай сай.
Әр топтың капитандары өз топтарының атауын қорғап өтеді.

2-жүргізуші:

Мерекеде бар дейді айтар әнім,
Ал біреулер әрлейді сөздің мәнін.
Сегіз қырлы, бір сырлы ұстаз деген,
Көрейікші, кімде қандай өнер ба-рын.

Енді ұстаздарымыздың өнер өлке-сіндегі шеберліктерін байқап көрейік.

1-жүргізуші:

Көңілдерің жайнап тұрған бау болсын,

Білім — теңіз, еңбегің — ерен тау болсын.

Шәкірт үшін аямайтын бар жанын,

Ұстаздарым!

Әрқашанда дендеріңіз сау болсын!

Камал Отарбайқызы

РАХАТОВА,

«Тасарық орта мектебі» мемлекеттік мекемесінің мұғалімі.

Сарқан ауданы,

Жетісу облысы.

Ата-баба дәстүрі

Мақсаты:

1. Балаларға халық педагогикасын, маңызын, әдеп-ғұрпын, салт дәстүрлерін, олардың қолдануын түсіндіру;

2. Әжелердің өсиетін тыңдау, үлкенге ізет көрсету, ісмерлікке, инабаттылыққа, еңбексүйгіштікке баулу.

3. а) Төрт түлік пірін білуге;

ә) Сүт тағамдарын біліп, оларды ажырата білу;

4. Қазақтың салт дәстүрлерін құрметтеуге дағдыландыру.

5. Шығармашылыққа баулу, ән айтуға, би билеуге, ұлттық ойындарды ойнау ережелерін білуге дағдыландыру.

Сабактың барысы: Би ырғағымен әже залға кіреді. Малдарын жайғап, сиыр сауады. Сүтін пісіреді, күбісін пісіп, жан жағына қарап немерелерін күтеді.

Әже: Немерелерім көктемгі демалысқа келуші еді, неге кешігіп жатыр екен?

Әуен ырғағымен балалар залға кіреді.

Балалар: Сәлеметсіз бе, әже!

Әже: Сәлемет болыңдар, балаларым! (Қорадағы малдарды көрсетіп) Міне, әжелеріңнің қорадағы малдары. Аз болса да барлық төрт түлік бар. Сендер төрт түлік туралы білесіңдер ме?

Балалар: (Хормен) Білеміз!

1 — Түйе — Ойсыл қара. Түйе боздайды, төлін бота деп атайды.

2 — Жылқы пірі Қамбар ата. Жылқы кісінейді, төлін құлын деп атайды.

3 — Сиыр пірі — Зеңгі баба, сиыр мөңірейді, төлін бұзау деп атайды.

4 — Қой, ешкі пірі — Шопан ата, Шекшек ата. Қой, ешкі маңырайды, төлін қошақан, лақ деп атайды.

Әже: Жарайсыңдар, балаларым, Менің малдарым төлдеп, желі тартылып, бұзау, құлын байлап, қозы — лақтарды көгендеп қойдым. Сендердің келулеріңді күтіп жүр едім. Қазақта «Қазық майлау» деген салт бар. Қане, барлығымыз жақын келіп тұрайық.

Балалар дөңгеленіп тұрады. «Ел тоқ болсын», «Мал көп болсын!», «Мал басы көбейе берсін!», - деп хормен айтады.

Әже: Төл ноқтасы мен қазығына май жағып, ноқтаны малға кигізеді, қазықты жерге қадайды да түбіне ақ құяды.

Ақсақал бата береді:

Қазыға толсын көгенің,
Тұлпар болсын көбенің.
Құтты болсын тұлпарың,
Сулы болсын құдығың.
Өрісті болсын жайлауың,
Ырысты болсын қыстауың.
Гүлге толсын өңірің,
Көңілді болсын өмірің!

Нақыл сөздер:

- 1 — Мал жинасаң, қонысын тап,
Ас жинасаң, ыдысын тап.
- 2 — Түлік төлден өседі.
- 3 — Ауылға атпен шауып келме.
- 4 — Сүт сүйек өсіреді.

Әже: Балаларым, алыстан шаршап келдіңдер. Үйге кіріндер.

Балалар дастархан басына отырады.

Әже: Мына дастархан басындағы тағамдардың барлығы сүттен жасалған дәмдер.

Балалар: Әже, біз сүт тағамдарынан жасалған дәмдерді білеміз.

1 — Қымыз — әрі сусын, әрі тағам, дертке шипа, жанға қуат.

2 — Шұбат — сүт тағамдарындағы бағалы сусын. Дәмді, жұм-

сақ, майлы, әрі қоюлау болады.

3 — Құрт — қой, сиыр сүтінен жасалады. Сүтті қайнатып, оны ірітіп, суынан ажыратып жасайды.

4 — Ірімшік — сүттен жасалады. Сүтті қайнатып, оған қымыз, айран, шұбат сияқты ащы іріткі қосып ірітеді.

5 — Май — дастарханның сәні мен мәні. Май алудың бірнеше жолы бар. Оны «Май шайқау» - деп атайды.


Әже: Е, айналайындар, көп нәрсені біледі екенсіндер, жарайды, мен қуанып қалдым.

Бала: Әже, ауырып тұрмын, мазам болмай тұр.

Әже баланы күннің батысына қаратып, тұзды сумен ұшықтау салтын жүргізеді. Ұшықтап болғасын:

Әже: Мынау Якия молдаға оқытып алған тұмарым еді. Мойныңа тағып жүрші. Е, жаратқан ием, тілдің уынан, көздің сұғынан сақтасын.

Сүт тағамдары



Дайын тұмарларды балалар қонақтарға сыйлайды.

Әуен ойналады, интерактивті тақтадан егін егіп, жер жыртып жатқан суреттер көрсетіледі.

Әже: Балалар, егін егетін уақыт келді. Ауылды асарға шақырып егінімізді егейік. Әйтпесе үлгермейміз. Асаршыларға тәтті тағамдар пісіріп, қымыз құйып қояйық.

Ұлдар егін егуге кіріседі. Қыздар кесемен би билейді.

«Кең жайлау» биі биленеді.

Биді аяқтап кеседегі сусынды ұлдарға ұсынады. Ұлдар сусынды ішеді, егін егу аяқталады.

Интерактивті тақтадан күннің ыстығын білдіретін сурет көрсетіледі.

Әже: Мына күннің ыстығын-ай, екен егінімізді күйдіріп жібермесе екен.

Бала: Әже, мен осында келердің алдында түс көрдім, түсімде жер кеуіп, өсімдіктер өспей қалыпты.

Әже: А, құдайым, осының түсін неге жорысам, сен оған қабыл қыл. Түсін жақсылық әкелетін сияқты. Түс көрушіден емес, жорушыдан — дейді. Түсінде қорыққан өңінде қуанады дейді. Сүйіншің бар. Жақсылық хабар әкелдің. Жеріміз суға қанып, егініміз мол болар. Қазақтар ел болып, жұрт болып, мал сойып, тасаттық берген. Біз де тасаттық беруге дайындалайық.

Әже: Бізге үлкен қазан керек. Оны сатып алу үшін «Қазан» ойынын ойнайық.

Ойын: «Қазан».

1 — Сарытып ауыл,

Таныс маң.

Санасы қаны әр қилы.

Ақ сағым ойнап алыстан,
Бетінді жасын шарпиды.

2 — Төбеттер тілі салақтап,
Тырмалап жерді тынбады.

Төрт түлік түгел далақтап
Қораға келіп шулады.

3 — Бір уыс болып кең өлкен,
Өртенді оттай, маздайды.

Қуырылып құрттай көлеңкен,
Артына кете жаздайды.

4 — Құрбандық шалып, ас беріп,
«Алла» лап ауыл жылады.

Қан шашып жерге жас төгіп,
Бір тамшы жаңбыр сұрады.

5 — Лапылда, өртен жасында,
Жоқ екен құлдың еш кемі.

Түс ауа төкті-ау ауылға,
Алланың рахман нөсері.

Жаңбырдың дауысы естіледі.

«Жау-жау, жаңбыр!» әні орындалады.

Интерактивті тақтадан жаңбырдың жауғанын, күннің күркірегенін көрсетеді.

Балалар қуанып, секіріп, шапалақтап, «алақайлайды».

«Жауын, жауын жауды», «Егін мол болатын болды», «Шөп жақсы шығатын болды» «Алақай, алақай!»

Әже: Ал, балаларым, Алла нұрын жіберді. Қиналған күндеріміз артта қалды. Осы сәтті ел болып Алладан сұрап едік, енді міне соған да жеттік. Жүріңдер елмен бірге тойлайық.

Әуен ырғағымен залдан шығып кетеді.

Жұмагүл Балтаходжақызы

НАХИПОВА,

№185 балабақшаның тәрбиешісі.

Алматы қаласы.

Ашық аспандағы кітапхана

Ақтөбе қаласындағы «Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты №5 Самуил Яковлевич Маршак атындағы қалалық балалар кітапхана мамандары және №7 Ясное қалалық кітапханасының ұйымдастыруымен «Поэзия, менімен егіз бе едің?», «Кешкі қала жыр құшқан» сұрақ-жауап викториналық ойындары қаламыздағы Астана және Абай гүлзары демалыс саябағында қала қонақтары, қала тұрғындарының, кітапхана оқырмандарының қатысуымен сенбі,






жексенбі күндері ашық аспандағы шарамыз өтті. Мақсаты саябақ демалушыларының оқуға деген, болашақ ұрпақтың қызығушылықтарын арттыру, жаңа ақпараттық мүмкіндіктермен және Ұлы тұлғалардың шығармаларынан көрмелер жасақталып таныстыру. Дара тұлға – Абайдың Екінші, Жиырма төртінші қара сөздерін, Ғылым





таппай мақтанба, жылдың төрт мезгіліне арналған Жаз, Күз, Жазғытұры, Қыс тағы басқа өлеңдерін, Мұхтар Шахановтың Өмір — өзен, Арал қасіреті, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың Үш бақытым, Жастық, Ана, Қызық өмір, Өмір — өзен, Әліппе, Біздің көктем. Ыбырай Алтынсарин-

ның Кел, балалар оқылық. Музафар Әлімбаевтың Базарлық, Әсем шарлар аспанда, Айдың арғы бетінде тағы да басқа жергілікті ақындарымыз Гүлсамал Аймаханова, Ертай Ашықбаев, Талғат Тілеулесовтың жырларын саябақ демалушылары мәнеріне келтіріп, өлең жолдарының мағынасына тоқта-



лып жатқа айтып берді. Шарамыздың барысында викториналық сауалдар қойылды. Оқыған ертегілерінің кейіпкерлерін көрсетілген суреттен табу, қандай кітаптар қызықтырады, қалада қанша кітапхана бар деген сауалдар қойылды. Жасырылған жұмбақтардың шешуін тауып, мақалды жалғастырып жауап беріп, әр түрлі қимыл спорттық қызықты «Доп қағу», «Шармен жүгіру», «Дойбы», «Текетірес», «Шекара», Шахмат, Домино, Тоғызқұмалақ ойындарын ойнады. Саябақ демалу-

шылары ашық аспанда ұйымдастырылған шарамызға көтеріңкі көңіл күймен белсенді қатысты. Кітап оқымаған адам — тамырсыз қаңбақ екенін, білім кітап оқу арқылы берілетінін, көркем шығармаларды оқи отырып, кітаптың адам өміріндегі маңызы зор екені шараға қатысушы оқырмандарға түсіндірілді. Күнделікті кітап оқу жаңа ақпаратты әкеледі. Ал күн сайын жаңа нәрсе біліп отыру өзіндік пікіріңізді қалыптастырады, әлемге деген көзқарасыңызды өзгертеді және ойлау деңгейіңізді шындай түседі. Кітапхана — біліммен ғылым ордасы. Бұл демалуға, ойлануға, әрине көп нәрсе білуге болатын жер. Кітапхана — ғылым отаны. Соныдықтан күнделікті кітап

оқу жаңа ақпаратты әкеледі. Осындай ақпараттар ашық аспан астындағы шараға қатысушы саябақ демалушылары, қала қонақтарымен тұрғындарына, кітапхана оқырмандарына таныстырылды.

**Ақжібек Шындәулетқызы
КЕНШІНБАЕВА,
№5 Самуил Яковлевич Маршак
атындағы қалалық балалар
кітапханасының меңгерушісі.
Ақтөбе қаласы.**